

№ X00025 10.11.2022 ж


ҚҰЛЫМБЕТОВА АЙГЕРІМ АСҚАРҚЫЗЫ

Алматы облысы Талғар ауданы
Белбұлақ ауылы №32 орта мектебінің
көркем еңбек мұғалімі

Бөлімі: 1	Визуалды өнер
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сыныбы: 5 «Г»	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Классикалық өнердің үздік туындылары. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	5.3.2.1. Пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарында берілген идеялар мен тақырыптарды сипаттау 5.3.3.1. Пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді (техникасы) сипаттау
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Өнер ұғымымен жақнырақ танысу ✓ Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді. ✓ Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады. ✓ Қазақстандық суретшілер туындыларымен жақын танысады, оларды талдайды.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	Оқушылармен амандасу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Көрші» Мақсаты: әрбір	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру	Бір-біріне деген құрметті бағалау, сонымен қатар, белсенділік	Психологиялық ахуал. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары.

<p>Сабақтың басы</p>	<p>қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылылық сыйлау. Нұсқаулық: Көршінді оң жақтан құшақта, Көршінді сол жақтан құшақта. Оң жақтағы көршіңе бір жымыып, Сол жақтағы көршіңе бір жымыып, Бүгінгі тренинг барысы, Біз үлкен отбасы.</p> <p>Өткен тақырыпты пысықтау барасында бірнеше сұрақтар қойылады. Оқушылар «Кім жылдам?» әдісін қолдана отырып жауап береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Кескіндеме дегеніміз не? - Натюрмортты бір сөзбен толықтыр? - Зергерлік бұйымдарға не жатқызамыз? 	<p>және жаңа сабаққа назар аудару.</p> <p>Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.</p>	<p>дәрежесін анықтау.</p> <p>Әрбір дұрыс жауапқа «3 шапалақ».</p> 	<p>(Көршілер қимыл – қозғалыстар арқылы жаттығуды жасайды)</p> <p>Суреттер</p>
----------------------	---	--	--	--

	<p>- Біз білетін суретші есімдері?</p>			
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Өнер –шынайы өмірдің әр түрлі формада берілетін шығармашылық көрінісі. Визуалды өнер түрлеріне тоқталу. Бейнелеу өнері жанрларын атап өту және олардың атқаратын қызметін талқылау. Пейзаж, натюрморт, портрет тарихына үңілу. Қазақстанның атақты суретшілерімен таныстыру. Мысалы, Әбілхан Қастеев – қазақ бейнелеу өнеріне алғаш жол салған кәсіби суретші. 1904 жылы 1 қаңтарда Талдықорған облысы, Жаркент ауданының Шежін ауылында дүниеге келген. Молдахмет Кенбаев, Қанапия Тельжанов, Хакімжан Наурызбаев,</p>	<p>Жаңа тақырыпты назар сала отырып тыңдайды. Тақырып аясында, айтылған ақпараттар шеңберінде алған әсерлерін, алып-қосар ойларын ортаға салып баяндайды.</p>	<p>Бағалау критерийлері : -Жаңа, тың ақпарат айтқан оқушыларды мадақтау; -Өз ойларын еркін айтуға бағттау;</p>	<p>Презентация</p>    

	<p>Сабыр Мәмбеев, Сахи Романов, т. б. көптеген Қазақстан суретшілерінің еңбектері тек еліміз ғана емес шет елдерде де танымал.</p> 			
Соңы	<p>Практикалық тапсырма: Жалпыға арналған тапсырма: Оқушылар жаңа білімге сай оқулықты қолдана отырып өз түсінгендерін постерге түсіреді.</p>	Естіген немесе оқыған ақпараттарын ортаға салады және бейнелейді. Топтық жұмыс жасайды.	Әрбір оқушы жеке ойын ортаға салады. Идеялармен жұмыс жасайды. Топтық жұмысқа бейімделеді. Тақтаға шығып бірге қорғайды.	ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір- бірін бағалау. 
Кері байланыс	<p>Рефлексия: Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді: - нені білдім, нені үйрендім? - нені толық түсінбедім? - немен жұмысты жалғастыру қажет?</p>	Бүгінгі тақырыпты қорытындыла у. Алған әсерлерін бөлісу.	«Рефлексия»	

Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем

КОПЕКОВА ГУЛЬШАТ ДАЛАБАЕВНА


Ақтау қаласы "№28 жалпы білім беретін мектеп" КММ



Бастауыш сынып мұғалімі

Бөлім:	Құндылықтар	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу	
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып мәтін құрайды. жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің өзгешелігін ажыртады. 	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру 8 мин	Ынтымақтастық атмосферасын және өздеріне сенімділік қалыптастыру «Гүлмен тілек» әдісімен жүреді. 1. «Таңдау» әдісімен гүл суреттерін таңдатып, топқа бөліп отырғызу. - Таңдап алған гүл	Шеңберде гүл сыйлап, бір-біріне тілек айтады. Таңдау жасайды. Топқа бірігеді. Топ	«Ауызша мадақтау» әдісі: Жарайсың!	Гүл суреттері

	<p>суреттеріне қарай топқа бірігіп отыра қалыңдар.</p> <p>- Топқа ат қойыңдар.</p> <p>- Топ басшысын сайлап, топ ережесін еске түсіріңдер.</p> <p>Өткен тақырыпқа шолу:</p> <p>А) Үйге берілген тапсырманы тексеру.</p> <p>«Серпілген сауалдар» әдісімен жаңа сабаққа кіріспе жүреді.</p> <p>-Сөйлем деген не?</p> <p>-Қандай түрлері бар?</p> <p>-Жай сөйлемді қалай ажыратамыз?</p> <p>-Жайылма сөйлем қандай болады?</p> <p>-Сөйлемнің қандай мүшелері бар?</p> <p>-тсс</p> <p>- Олай болса, бүгінгі сабағымызда сөйлемнің бір түрі құрмалас сөйлем туралы біліп, тапсырма орындауды жалғастырайық.</p>	<p>басшысын сайлайды.</p> <p>Топ ережесін еске түсіреді.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді, мысалдар келтіреді.</p>	<p>Тамаша! Жақсы! Оқушылар жауабын толықтырып, әр қайсысына тиімді кері байланыс беріп отыру.</p>	<p>доп</p>
<p>Жаңа білім 10 мин</p>	<p>Жаңа сабақ (Д) 1-тапсырма «Еркін әңгіме» әдісі. 54-жаттығу. Бағанның екі жағындағы сөйлемдерді оқып, өзара салыстырыңдар. -Олардың бір-бірінен қандай ерекшелігі</p>	<p>Тапсырма орындайды</p>	<p>Дескриптор:</p> <p>- Сөйлемдерді салыстырады -2балл;</p> <p>- Сөйлемдердің әрқайсысында қанша ой</p>	<p>Қазақ тілі 4 сынып оқулығы 1-бөлім</p> 

<p>2 мин 10 мин</p>	<p>бар? Олардың әрқайсысында қанша ой берілгенін анықтаңдар. Тыныс белгілеріне көңіл бөліңдер.</p>	<p>Билеп сергиді.</p>	<p>берілгенін анықтайды- 1балл.</p>	
<p>5 мин</p>	<p>Сергіту сәті: «Қаражорға» бии.</p> <p>(Ж) 2-тапсырма – «Диалог» әдісі. 55-жаттығу. Диалогті рөлге бөліп оқыңдар. 57-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, неше құрмалас сөйлем бар екенін анықтаңдар.</p> <p>(Ж) 3-тапсырма - «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі. 56-жаттығу. Мәтінді түсініп оқыңдар. Мәтіндегі сөйлемдердің қайсысы жай сөйлем, қайсысы құрмалас сөйлем екенін ажыратыңдар. Құрмалас сөйлемнің жай сөйлемнен өзгешелігін түсіндіріңдер.</p>	<p>Тапсырманы орындайды .</p> <p>Тапсырма орындайды . Пікір білдіреді.</p>	<p>Дескриптор: Диалогті рөлге бөліп оқиды - 1балл; Өлеңді мәнерлеп оқып, неше құрмалас сөйлем бар екенін анықтайды- 1балл. Дескриптор: Мәтіндегі сөйлемдердің түрін ажыратады - 2балл. Құрмалас сөйлемнің жай сөйлемнен өзгешелігін түсіндіреді- 2балл. Құрмалас сөйлемдерді теріп жазады- 1балл.</p>	

	<p>Құрмалас сөйлемдерді теріп жазыңдар.</p> <p>Саралаудың «Қарқын» тәсілі жүзеге асады.</p> <p>Қарқыны жоғары оқушыға:</p> <p>- Ұқсас тапсырмалар құрастыр.</p>			
<p>Қорытынды 5 мин</p>	<p>Кері байланыс - «Шеринг» әдісі.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Шарты: Барлығы шеңберде отырады, жүргізуші бастап, кезекпен барлығы тақырып бойынша түйінді ойды қорытындылайды. Идеялар қайталанбау керек. - Бүгінгі сабақтан алған білімдеріңді бағалаңдар. <p>Үй тапсырмасы: 58-жаттығу.</p>	<p>Өзінің сабақтағы жұмысын бағалайды.</p> <p>Күнделікке тапсырма жазып алады.</p>	<p>ҚБ қойылады.</p>	

07.11.2022 ж. № X00024

Қазақ халқында Жүздердің шығу тарихы

ҚАЗТАЙ КЕРБЕЗ

*Жетісу облысы Көксу ауданы Мектеп жанындағы шағын орталығы бар «Қызыларық орта мектебі» КММ
Тарих пәнінің мұғалімі*

Қазақ халқы мен оның этникалық аумағының қалыптасу дәуіріндегі қалыптасқан ірі этноаумақтық тайпалар бірлестіктері – жүздер болды және дәстүрлі қазақ қоғамы үш жүзден тұрады: Ұлы жүз, Орта және Кіші жүз. Жүздердің шыққан уақыты, шығу себептері, ішкі мазмұны жөнінде ғалымдардың арасында әлі ортақ пікір жоқ, мүмкіндігінше соны зерттеу барысындамыз. Біз көптеген түсініксіз пайымдарға жолықтық. Әрине, бұл жағдай ізденістеріміздің ауырлығын және жауапкершілігінде байқатты. Орта Азия халықтарының арасында жүзге бөлінушілік біздің халқымыздың сипатына тән болғандықтан бұл тақырыпты толыққанды зерттеп қана қоймай, оның нәтижелерін шығарудың рөлі өте жоғары.

Жалпы Еуропа мен Ресейдің тарихи жазба әдебиеттерінде қазақ халқының жүздерге бөлініп орналасқаны туралы мәліметтер сиректеу. Тек, орыс ғалымдарының, саяхатшыларының жазып қалдырған деректерінде көрсетілген. Мысалы орыс дипломаты М.Тевкелев қазақтардың үш жүзге бөлініп жайласқанын жазған.

И.Кириллов, П.И.Рычков, В.П.Татищев, И.Г.Георги, А.Левшин және т.б. Ресей ғалымдары көбінде қазақтардың үш жүзге бөлінетінін атап өтумен ғана шектелген. (2) В.В.Вельяминов - Зернов, қазақтың жүздері XVI ғасырдың екінші жартысында Ақназар ханның тұсында бөлінген десе, В.В.Бартольд үш жүздің пайда болуы –қазақтардың көшпелі шаруашылығының негізінде пайда болғандығын жалпылама айтқан, қазақтың ұлы ғалымы Ш.Ш.Уәлиханов қазақтың жүзге бөлінуі XV – XVI ғғ. Моңғол ұлыстарының негізінде шыққанын, бұл жүздердің этностары –қазақ халқы екенін жазған.

«Жүз» атауы. «Жүз» араб тілінде біртұтас нәрсенің бөлігі, саласы деген ұғымды береді. Бірақ, «жүз» энтонимі түрік тілінде кең және тар мәнде қолданыла береді. Адамның беті, келбеті деген сөзге қатысты «келбеті келген адамнан кеңес сұра»-деген сөз бар, яғни бет жүзі келісті адамның жаман болмайтынын меңзейді. Соған қоса қылыштың, пышақтың жүзі деген сияқты сөздер тұрмыста жиі кездеседі. Осы сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады. Олай болса, «жүз» сөзінің бір нәрсенің бөлігі деген кең мәнде алып, айқындауымыз қажет.

Біздіңше, бұл жерде «жүз» атауы географиялық ұғым. Түріктер, оның ішінде қазақтар өз жерлерінің табиғи –географиялық ерекшелігіне қарай, бөлек қоныстанған. Оның әр бөлігіне «жүз» деген атама берген. Б.з.б. III ғасырлардағы деректерде Қытайдың батысындағы Гансу мен Шығыс Түркістанның Оңтүстігінде өмір сүрген Кіші жүз атты тайпалардың өмір сүргендігі айтылған, Кейін осы Кіші жүздің күшейіп, осы аталған өлкенің тарихына үлкен үлес қосқаны да тілге тиек етілген.

Кіші жүздің жайлаған жері Гансу (Қытай) мен Шығыс Түркістанның оңтүстігі екенін айта келіп, ғұндар Ұлы жүздерді Шығыс Түркістаннан батысқа қарай қуғанда, олардың қалып қойғандары - Кіші жүз деген мәлімет береді. Бұл айтылған пікір шындыққа сай емес. Негізінде Кіші жүз түріктерінің батыс шекарасы Қара теңіздің солтүстік жағалауынан Батыс Қытайға дейін созылып жатқан. Шығыс Түркістанда Ұлы және Кіші жүздер бірге қоныстанған. Сондықтан Шығыс Түркістан түріктердің ежелгі жерінің бір бөлігі.

Сол кездің өзінде Кіші жүзге кірген хундардың (ғұндардың) жері Қаратеңіз солтүстігіне дейінгі ұлан – байтақ кеңістікке орналасқан. Солардың бір бөлігі батыс қытай шекарасына дейін келген. Оларды үйсіндердің қалып қойған бөлігі деудің қисыны жоқ. Өйткені, Қытайлықтар батыс көршілері – түріктердің мекенін жетік біле алмаған. Тек, өздеріне жақын саяси, экономикалық және мәдени байланыста болған түріктер туралы мәліметтер жинаған. Түріктер өз жерлеріне Қытайлықтарды жібермеген.

Қытаймен шекаралас Кіші жүзілер Тибет халықтарымен араласып, өзара бауырлас болғаны туралы да деректер кездеседі. Кіші жүз құрамындағы рулар мекендеген тайпалардың ертеден келе жатырғаны даусыз, бұл жөнінде азда болса, деректер бар яғни, Қытай деректеріндегі мәліметтерге қарағанда, антикалық заманда Орталық Азияда мекендеген түріктердің арасында Кіші жүздердің болғанына күмән келтіруге болмайды. Олар сан жағынан да аз болмаған. Кіші жүздердің атты әскерінің саны 10000-нан – 12 000-ға дейін болғанына қарағанда, олардың халқының саны да әжептеуір болғанға ұқсайды. Олар бірде тибеттіктерге, бірде қытайлықтарға көмек беріп тұрғаны айтылған. Соған қарағанда, Кіші жүздер өздерінің жауынгерлігімен ерекшеленгендіктен, көршілері олармен санасып отырғаны байқалады.

Орта жүз туралы антикалық және ертедегі орта ғасырлардағы тарихи деректерде кездеспейтіндіктен, жоғарыда тек Ұлы және Кіші жүздерге тоқталдық. Орта жүз бойынша ертедегі мәліметтерді тек қазақ ауыз әдебиетінде, ру, тайпа шежірелерінде кездеседі.

Барлық қазақ халқының генеологиясын үш арыстан таратады: Ақ арыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз) және Бекарыс (Кіші жүз). Жүздердің жайласқан мекендері географиялық тұрғыдан ғана айтылып, Орта жүздің осы күнгі Орталық Қазақстанды мекендегені баяндалады.

Бұл жүз туралы жазба деректер Ресей империясының Қазақстанды отарластыруымен байланысты айтылады. Әсіресе, XVIII ғ. бірінші жартысынан бастап, біздің елімізге келген Ресей дипломаттарының, мен саяхатшыларының жазып қалдырған деректерінде Орта жүздің тарихына қатысты мәліметтерді кездестіреміз. Олардың арасында А.И.Тевкелев өзінің қағазға түсірген деректерінде Орта жүздің ру, тайпаларға бөлініп жайласқан мекендеріне тоқталған. Орта жүз қазақтары алты тайпалардан құрылған: Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қоңырат, Қыпшақ.

Бұл саясаткерден басқа да Ресейден Қазақстанға келген зерттеушілердің еңбектерінде қазақ халқының жүздерге бөлінуі туралы азды –көпті мәліметтерді кездестіреміз. Бірақ олардың қалдырған деректеріне сын көзбен қарап, ой елегінен өткізіп пайдаланған абзал. Өйткені, қазақ халқының жүздерге бөлінулеріне қуатты көршілеріміз – Жоңғар хандығы бастаған Хиуа, Қоқандықтар және Орыс және Қытай патшалықтарының алысты болжаған билеушілерінің ықпалдары аз болмаған. Бұл мәселелер біздің болашақтағы зерттеулерімізге негізгі объекті болады деген ойдамыз.

Ол үшін мұрағат және басқа да зерттеу еңбектеріне нақты сүйенеміз – деп, ойлаймыз. Олар жергілікті халықтың тілін, ділін білмеген, тек көрген – естігендерімен шектеліп, оны қағазға түсіріп қалдырған. Бұндай кемшіліктер олардың басым көпшілігіне тән. Солай болса да, осы деректердің құнды тұстарын дұрыс пайдалануымыз қажет.

Енді Орта жүздің шығу тарихы туралы өз пікірімізді ортаға салайық. Орта жүз тарихы Монғол империясының ыдырауынан кейін, жалпы түріктердің өзара енші алысып, жеке -жеке халық болып бөлініп шығуымен байланысты қараған жөн. Қазақтар да өзінің ежелден мекендеген жеріне ие болып, Орталық Азияның қақ ортасындағы ежелгі мекенінде шаңырақ көтерді.

XIVғ. аяғында қазақтар қара шаңырақтың, кең байтақ үлкен жердің иесі болды. Оны өзінің Отанына айналдырған Қазақстан (Қазақ елі) деген қасиетті атпен келе жатыр. Осындай ұлан -ғайыр жер тек қазақ халқының еншісіне тиген. Басқа бөлініп шыққан қандастарымыздың біреуінде де осындай кең жер жоқ. Түрік әлемінің ең құнды, асыл қасиеттерін, ділін сақтап қалған қазақ халқы. Сондықтан, ертедегі «Алты алаш» кезінде жүзге бөліну дәстүрін сақтап, Қазақстан жерін табиғи –геопафиялық ерекшеліктеріне икемделіп, үшке бөлініп тіршілік еткен. Бұл жүздер жерлерінің табиғи ерекшеліктерін жетік меңгеріп, соларға икемделіп қоныстанған және негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысты, қосымша заттай және рухани мәдениеттерді жалғастырып, оны үздіксіз дамытып отырған. Қазақ жүздерінің бөлінуі тек табиғи-географиялық ерекшеліктеріне қарай болып, рулар мен тайпалар өздерінің ертеден мекен еткен аймақатырында тіршілігін жалғастыра берген.

Орта жүздің құрамындағы қыпшақтар, арғындар, наймандар, қоңыраттар, керейлер, уақтар өздерінің құтты қоныстарында антикалық және ертедегі орта ғасырдан бастап мекендеген. Алайда, олардың көпшілік бөлігі ертеде Ұлы жүздің одағына кірген болса, қалғандары Кіші жүздің ішінде араласып, бірге жасаған. Осы тәртіп Моңғол империясының ыдыраған кезеңіне дейін сақталған.

Кейінгі кезде Орта жүз бойынша жаңа деректер жиналып, біздің бұл пікірлеріміз толықтырылар деген үміттеміз.

Жоғарыдағы келтірілген деректерге қарағанда, б.з.б. VII ғ ғасырларда Орталық Азияны жүздерге бөлініп, түріктер мекендеген. Жүздердің пайда болуына Шыңғыс хан ұрпақтары, яғни қазақ халықтарының ішінде күні бүгінге дейін ешбір ру – тайпаларға еңбей келе жатырған жеке әлеуметтік жік – төрелер мен сұлтандардың ұрпақтарының орны ерекше екенін ескеруіміз қажет – ақ.

Ұлы жүзге Орталық Азияның оңтүстік – шығыс аймақтарына кіретін ұланғайыр жерлер кіріп, Шығысы Қытаймен, оңтүстігі Ауғанстан, Үндістанменен шектескен. Аттары аталған аймақтарда ерте замандарға Қаңлы және Үйсін мемлекеттері ұзақ жылдар өз үстемдіктерін жүргізген. Ұлы жүзге қараған жерлерде ежелден отырықшылық басым болып, табиғи-географиялық ерекшеліктеріне байланысты суармалы егеншілік кең өріс алған. Б.з.б. II ғасырда Ұлы жүздің жерінен шығыстан батысқа қарай Ұлы жібек жолы өтіп, сан алуан елдердің өзара қарым – қатынастарын қалыптастырған.

Бұл пікірлерді дәлелдейтін жазба және археологиялық деректер жеткілікті. Сондықтан да, бұл аймақтар отырықшы өркениеттің мейлінше дамыған бай өлкесі болып саналады.

Ұлы жүз аумағына Сырдариядан бастап, Жетісу жері түгел кірді.

Оның құрамына үйсін, қаңлы, дулат, албан, суан, сіргелі, ысты, ошақты, шапырашты, жалайыр, шанышқылы, қатаған т.б. ру – тайпалар кіреді. Орта жүз Орталық Қазақстан аудандары мен Солтүстік – Шығыс Қазақстанның бір бөлігін алып жатты. Оған қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, уақ тайпа - рулары енді. Кіші жүздің мекені – Сырдарияның төменгі жағы, Арал теңізінің жағалауы, Каспий ойпатының теріскей бөлігі. Оны келесі тайпалар одағы – Әлімұлы (қаракесек, қарасақал, кете, төртқара, шөмекей, шекті); Байұлы (адай, алшын, жаппас, алаша, байбақты, беріш, есентемір, қызылқұрт, шеркеш, ысық, таз, масқар); Жетіру (табын, тама, кердері, жағалбайлы, керейт, телеу, рамадан) құрады. Әрбір жүздің тайпалары жалпы шаруашылық мүдделер негізінде топтасқан, өз шекарасында экономикалық жағынан оқшауланған еді.

Олардың тілі, материалдық тұрмыс мәдениеті жағынан да, биологиялық – генетикалық тұрғыдан да басқа жүздердің тайпаларынан ешбір айырмашылығы болған жоқ. Мұны антрополог ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген.

XIV – XV ғасырларда бұл тайпалар түркі тектес халық болып топтасты да, кейін «қазақ» деген этникалық ортақ атауға ие болды, сөйтіп халықтың қалыптасу процесі аяқталады.

Көне замандардан бері, Орталық Азияның солтүстік және батыс аймақтары Кіші жүзге қараған. Оның батысы Қаратеңіздің солтүстік жағалауынан, шығыста Қытаймен жалғасып жатқан жерде, ертедегі сақ (скиф) пен ғұндардың ұрпақтары мекендеп, Кіші жүзге қараған. Біз тоқталып отырған деректерге қарағанда, хундар мен қытайлықтардың арасында саяси, экономикалық және мәдени қарым – қатынастар мейлінше күшті болған. Себебі, екі этникалық топ Қытай елінің батыс көршісі болған. Қытай деректерінде бұлар туралы деректердің мол екенін жоғарыда айтқанбыз. Қытайлықтар ең жақын көршілерін жақсы білгенмен, батыс, оңтүстік аймақтарды мекендеген түріктерді жетік біле бермеген.

Ғұндар кезіндегі Қытайдың батысын, яғни шығыс Түркістанды мекендеген Кіші жүздер, батыстан - шығысқа созылып қоныстанған болгар, печенек, қыпшақтардың шығыс бөлігі деген пікірге келуге болады. Кіші жүздің қоныстанған аймақтарының өздеріне тән ерекшеліктері мол. Өте кең аймақта малды мыңдап өсіріп, егіншіліктің көпшілігі жаңбырдың беретін ылғалына негізделіп дамытқан. Бұл жерді мекендеген түріктер ежелден қыстауы мен жайлауларын қолайлы жерге орналастырып, өздерінің көп салалы шаруашылығын дамытып отырған. Кіші жүз түріктері де ертеден үлкенді –кішілі мемлекеттіктерге бөлініп тіршілік еткенін айтқан едік. Олардың ішінде империя дәрежесіне жеткен Ғұндар мен Көк түріктер болғаны әлімге белгілі.

Олардың тұрақты мекендері мен қалалары да болғанын археологиялық зерттеулер дәлелдейді. Ғұн империясы кезінде Қытайлықтар Ұлы қорғанын салуға мәжбүр болғаны тарихта мойындалған.(7)Сонымен, антикалық заманда түріктерді «Алты алаш» кезінде, Орталық Азияның табиғи-географиялық ерекшелігіне қарай екі аймаққа бөліп қоныстанғанын байқаймыз.

Ұлы және Кіші жүздер барлық түрік тілдес этникалық бөлімдердің бәрін қамтитын «Алты алаш» ұғымына кірген қандастарымыз саяси, экономикалық және мәдени байланыста болғандықтан, қажетті жағдайда «Түріктің көктуының» астына жиналған. Осы бірлікті сақтау оңай болмаған. Оны орнықтыру үшін Ғұн империясының көсемдері Тұман хан, оның ұлы Мете, Көк түріктер кезіндегі Білге қаған қажырлы, қайратты күштер жұмсаған.

Бұл тарихи тұлғалар өз мақсаттарына жетіп, империя құрған. Бірақ, бұл ұлы күштер ұзаққа бармай, түріктер үлкенді –кішілі мемлекеттерге бөлінгендіктен, әлсіреп, сырттан тиген құралды күштерге қарсы тұра алмай, елін, жерін қорғауда, талай қиыншылықтарды бастарынан өткергенін тарих біледі.

Олай болса біз жан–жақты зерттелген бұл тақырып толығымен өз шешімін тапты деп әлі де болса айта алмайтын көрінеміз. Шежіре әр адамның жоғын тауып береді, ата – бабасының ерлігін, тектігін, өз мүддесін ұлт мүддесіне мұра қалдырған жандар екенін көрсетеді.

Шежіре – ұлттық шежіре болуы керек, ол әр адамның шығу тегі арқылы бүкіл қауымды, халықты таныстыру арқылы табыстыруы керек.

Қазақ елі әлі рулық санада жүр, сондықтан да ұлттық деңгейге шығу керек. Шежіре ендеше ұлттың руға, тайпаға, арысқа, жүзге бөлінуі үшін емес, ұлттық сананы қалыптасыруға бағытталған.

«Бөлінгенді бөрі жейді» - деген қанатты сөз баршаға мәлім болса да, барлық халықтың бірлігін сақтау оңай шаруа емес екені белгілі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан в XV– XVIII вв. 1969 г. 59 стр.
2. И.Г. Андреев. Описание средней орды Киргиз – Кайсаков. 1998 г. Б. Ирмуханов. К вопросу о происхождении Казахского народа. 2012 г. 295 – бет
3. В. Вельяминов – Зернов. Исследование о Касимовских Царях и Царевичах. 1863г.
4. И. Андреев. Көрсетілген еңбек, 51 – бет
5. И. Андреев. Көрсетілген еңбек. 297 – бет
6. Гумилев. От Руси к России. 2007 г. 317 – 321 стр.
7. Қытай тарихы. 2001 ж. 48 – бет

07.11.2022 ж. № X00023

**Көркем еңбек пәні бойынша инновациялық
технологияларды тиімді қолдану**

КЕЖИМБАЕВА ЖУЛДЫЗ БЕЛҚОЖАЕВНА

Жетісу облысы Көксу ауданы Мектеп жанындағы шағын

орталығы бар «Қызыларық орта мектебі» КММ

Көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Осы замануи инновациялық технологиялар барлық қоғамның инфрақұрылымдарына үйлесімді енгізілуі негізінде тұрпайы еңбек түрлері еңбек нарығында жойылып, жаңа еңбек түрлерінің қалыптасуына ықпал етіп келеді. Соның салдарынан қазіргі еңбек нарығында жаңа мамандықтар пайда болып, олардың еңбек мазмұны да жиі өзгерістерге ұшырып келеді.

Осыған куә болатын үлгілерге өндірістердегі автоматтандырылған қондырғылармен өнімді жасау, сол сияқты қызмет көрсету салаларында кішігірім құралдар мен аппараттардың кеңінен қолданылып, маманның еңбек операцияларын жеңілдетуге үлкен көмегі тиіп келеді. Бұл үлгідегі құрал-жабдықтар қазіргі өндірісте, қызмет көрсету саласында және тұрмыста да кең орын алып келе жатқаны белгілі. «Көркем еңбек» пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімінің негізін қалыптастыру.

Оқу бағдарламасының мазмұны көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрін қарастырады. Сабақта іске асырылатын көркемдік іс-әрекеттің түрлерін «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі анықтайды. Сонымен бірге міндетті түрде көркемдік іс-әрекеттің үш түрі жүзеге асырылады: конструктивті, бейнелеу, сәндік. Көркем еңбек пәнін өткізуде көптеген жаңа технологияларды пайдаланып, оқушының жаңа материалды толық игеруіне баса назар аударудамыз. Бұл жаңа технологияларды негізгі үш топқа бөліп қарастыруымызға болады: 1. Ойындық технология - мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешімін іздестіруге құрылады.

Жетекші әдісі – ойын. Оны ұйымдастыру түрлері: іскерлік, рөлдік, оқиғалық және білімдік ойындар. 2. Коммуникативтік технология – мүмкін болған барлық ақпараттарды қатыстыра отырып, оқу үрдісі оқушының өзара белсенді әрекетіне, қатынасына құрылады. Жетекші әдісі – қарым – қатынас. Оны ұйымдастыру түрлері: өзара, жұптық, топтық оқу т.б. 3. Зерттеу технологиясы – проблемалық ізденіске, жаңалықтар ашуға құрылады.

Жетекші әдісі – проблемалық оқыту әдісі. Осылармен бірге саралап, жеке дара, жеделдетіп оқыту, оза оқыту, деңгейлеп оқыту, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау т.б. технологиялар көп қолданыс табуда.

Бұл технологиялардың бәріне ортақ, негізгі мақсаты – жеке тұлғаны дамыту, оқуға шығармашылық ендіру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, өзара әрекеттестік сипатындағы жаңа әлеуметтік қатынастың пайда болуы, т.б. Оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуальдық, кәсіби, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытуда оқушының еңбек біліктері мен шығармашылық қабілетін дамыту үшін жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға да мүмкіндіктер көбеюде. Еңбек ету үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау, білім беруде жеке оқытуды дамыту көзделуі қажет.

Модульдік оқыту технологиясы. Тігін бұйымдарын модельдеу Модульдік оқыту технологиясы - балаларға жеңілдік жасап, оқушы мен мұғалім қарым - қатынасына теңдік жағдай жасап, оқушыларды қатты қыспай, еркін сөйлеп қызықтырушы көрнекілікпен баланы баулап, алып кету. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді. Бұған жету үшін басқаруды дамытуға бағытталған жаңа модельдерді көп қолданған жөн.

Әр пән мұғалімі жаңа технологияларды меңгеріп, пәнаралық байланыс, кірістіру сабақтарын кеңінен қолдану қажет. Себебі оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс - әрекетімен байланыстыра білгенде ғана өзіне де, қоғамға да пайдасын тигізе алады.

Жас өспірімдерді еңбекке тәрбиелеудің жалпы міндеттері бірнеше жеке міндеттерді орындау арқылы іске асырылады. Олар білім алушыларды еңбекке практикалық тұрғыдан даярлау. Білім алушының ынтымақ және қабілетін дамыту еңбек тәрбиесіндегі жеке міндеттердің бірі. Халық шаруашылығында автоматтарды, компьютерлерді, т. б қолдану барлық мамандардан жоғары техникалық сауаттылығы талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ұ.Жазықбаева. Жаңа адамды тек жаңашыл ұстаз тәрбиелейді. Шымкент,2000.
2. Т.Ш.Оралбекова Технология оқулығы. Алматы, 2016.
3. Т.Ш.Оралбекова Әдістемелік құрал (технология), Алматы, 2017

10.11.2022 ж. № X00028

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ТЕХНИКАСЫН ДАМЫТУ

СМАГУЛОВА ЗАУРЕ АМАНГЕЛЬДИНОВНА

*Жетісу облысы Көксу ауданы Мектеп жанындағы шағын
орталығы бар «Қызыларық орта мектебі» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі*

Болашақ жас ұрпақтың қолында.

Жас ұрпақтың жан- жақты дамып отыруы,жүйелі тәрбиеленуі мектеп пен ата-ана алдындағы міндет. Келешек жастар әмбебап, терең білімді, интеллектуалды болып тәрбиеленуі үшін тиімді әдіс- тәсілдерін іздестіруі, шығармашылыққа жетелеуі үшін мұғалімдердің атқарар міндеті көп- ақ.

Алдымызға келген әрбір оқушының келешегі үшін қаншама қиындықтарды ата- ана, оқушы, ұстаз болып жеңе білуіміз керек.Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының мектепке дайындығы, олардың мектеп өміріне бейімделуі,біршама қиындықтарға толы. Ойыннан әлі арыла қоймаған баланың алғаш рет мектепке келуі, оқу әрекетіне еш ауыртпалықсыз әрі табысты кірісіп кетуі, оқу барысына тез бейімделуі бастауыш сынып мұғаліміне артылған үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Оқушының мектеп өміріне бейімделіп әріптермен, оларды дұрыс жаттап ажырата алуы,әріптерді буындап қосып оқып үйренуі, дыбыстарды ажырата алуы үшін оқушыны қатаң бақылауды қажет етеді.

Алғаш бірінші сыныпқа келген оқушылардың барлығы бірдей дәрежеде оқи алмайды. Біреуі оқи алады, ал біреуі әріпті танымайды. Менің өз тәжірибемде, бірінші сыныпты қабылдап алған кезімде, бір оқушым әріптерді толық танымаса, бір оқушым судыратып, жылдам оқи алды. Ал біреулері әріптерді қосып енді буындап оқып жүргендер болды. Біздің түсінігімізде жылдам оқи алатын оқушы берілген тапсырманы өте жақсы түсініп, тез арада орындай алады.

Және де өзіне қосымша тапсырмаларды қажет етеді. Біз осындай оқушыларды дарынды оқушылар дейміз. Ал әріпті енді тани бастаған оқушыларды бір немесе екі жылдың ішінде осы дарынды баланың деңгейіне қалай жеткіземін деген оймен көп іздендім, әлі іздену үстіндемін.

Кітаптағы әріптерді таныстыра отырып, буындарды оқу- баяу орындалатын әдіс сияқты. Оқушының оқу жылдамдығын арттыратын әдістерді кеңінен қолдану арқылы оқушының оқу техникасын арттыра ала- аламыз.

Ең алдымен педагогика ғылымына үлкен үлес қосқан қазақ зиялысы Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздерін негізге алдым: «Дәстүрлі түрмен мұғалімдермен тексерілетін оқушылардың оқу жылдамдылықтары оқушылардың бойында берілген мәтінді 1 минут ішінде неғұрлым көп оқып шығу деген ұғым қалыптасып қалған.

Ал мұғалімнің сен «жақсы оқисың» немесе «жаман оқисың» деген сөзі оқу деңгейін білдіретін ұғыммен сай келеді. Сөйтіп оқушылар жақсы оқу үшін өздерінің алдына мәтінді белгілі бір уақыттың ішінде тез суылдатып оқып шығу мақсатын қойып, мәтіннің не тіліне, не мазмұнына, не кейіпкерлер бейнесі мен шығарманың идеясына мән бермейді. Соңында оқылған шығарманың мазмұны ашылмай оқушыларда түсініксіздік тудырады.» Бұдан шығарған қорытындым оқушыны жылдам оқытып қана қоймай, оқыған мәтінді сыни түсініп, кітапты сүйіп оқуға үйрету. Бір зерттеулерге көз жүгіртсек баланы сәби күнінен кітап оқуға баулу оның жүйке жүйесін тыныштандырып, нейрондық байланыстардың дұрыс түзіліп, ми жасушаларының дұрыс жұмыс істеуіне себепкер болады екен. Бірінші оқушыны жылдам оқыту үшін кітап оқу гигиенасымен таныстырып, оны дағдыға айналдырдым. Және күнде сабақтан бос уақытында оқушыларды қосымша сабақтарға шақырып, жекелей буындап оқытуға дайындадым.

Сабақ кезінде де, қосымша сабақта да ашық буындарды, жабық буындарды, тұйық буындарды қайталап екі, үш айда жаттап алдық. Бастапқы оқу кезінде дауыстап оқытып, кейін сол оқығанымызды іштен қайталап оқыттым. Бертін келе сөздерді оқып, оны мәнермен оқып үйрендік. Буындап оқу кезінде Нұрсауле Лучиктің «Сиқырлы әріптер мен сөздер әлемінде» кітабын қолдандым.

Бұл кітапты күнделікті оқушы оқи отырып, әріптермен танысып, буындарды қосып оқып үйренеді. Күнделікті сабақ уақытында «Буындап оқуға үйрету» кітабын оқытып, үйге кітаптағы өтілген тақырыптың көшірмесін жасатып әр оқушыға бөлек беріп отырдым. Себебі оқыған буындарды оқушы үйде қайталап жаттап алуы керек. Бұл кітаптың ерекшелігі- кітап ішінде тек буындар емес, бір, екі, буыннан жасалған сөздер мен мақал- мәтел берілген. Ал шақырған қосымша сабақтарымда Алпишева Зухра Жанөмірқызының буындап жылдам оқуға арналған «Қызықты тапсырмалар» жинағын қолданып отырдым.

Осы уақыт аралығында Айнұр Жүсіптің «Оқу техникасын қалай жақсартамыз» атты сабақтарына қатыстым. Сол сабақтан алған дидактикалық материалдарды сабақ үстінде көрнекілік ретінде пайдаланып отырдым.

Осы жасаған іс- әрекеттерімді бірінші жарты жылдыққа дейін жүргізіп отырдым. Нәтижесі өзімді қуантарлықтай болды. Менің оқушыларымның бірінші жарты жылдықтағы оқу техникасының көрсеткіштері жиырма- отыз бес сөз аралығында болды. Екінші жарты жылдықта оқушылардың оқу жылдамдықтарын арттыру үшін «Оқу техникасына арналған мәтіндер» жинағын қосымша пайдаланып отырдым.

Қазірдің өзінде осы оқулықты оқушыларды оқыту үшін пайдаланамын. Бастауыш сынып оқушысына жылдам оқудың тағы бір түрі – сыныпты дауыстап оқыту. Мұндай жұмысты орындатқанда жеке- жеке тақтаға шығарып, мәтін беріп дауыстап оқу арқылы оқушының оқу жылдамдығын бақылаймын.

Жылдам оқуға оқушыларды жүйелі түрде күнбе –күн оқыту арқылы ғана дағдыландыруға болады.

Жылдам оқу оқушылардың сөйлеу мүшелерінің жетілуіне де байланысты. Бұл ретте оқушыларға мәтінді хормен де, жеке- жеке оқытып көремін.

Айтылуы қиын жаңылтпаштарды қайта-қайта оқытып отырамын.

Ол әрі дұрыс оқуға, әрі жылдам оқуға септігін тигізеді. Осы сынды жылдам оқуға арналған көптеген дидактикалық тапсырмалар мен қызықты шығармашылық кітаптарды қолданып отыруды әдетке айналдырдым.

Қазірде оқушыларым мектеп кітапханасының тұрақты оқырмандары. Екінші сыныптың басында оқушыларыма «Ертегілер елінде», «Қазақ ертегілері», «Өнегелі ертегілер», «Әлем ертегілері» сынды тақырыптағы кітаптарды оқытып, қазан айынан бастап «Жаратылыстану қызықтары» , «Табиғат ғажайыптары» сияқты тақырыптағы кітаптарды қосымша оқытып отырмын.

Кітапханадан алған кітаптарын бірінші өздері оқып, бір- біріне баяндап, өзара кітап ауыстырып оқиды. Сөзімді қорытындыдай келе жоғарыда аталған кітаптар, әдіс- тәсілдер, жаттығулар оқушыларымның оқу жылдамдығын арттырып, оқуға деген дұрыс көзқарасын қалыптастыруда.

Оқу процесі кезінде оқушыларымның оқуға зейін қоюы және берілген материалды есте сақтауы, әріптерді ежектемей жылдам, түсініп оқуы мен үшін үлкен жетістік.

Әдебиеттер:

1. «Сықырлы әріптер мен сөздер әлемінде» // Нұрсауле Лучик- Алматы, 2007ж.
2. «Қызықты тапсырмалар» // Алпишева Зухра Жанөмірқызы- Алматы, 2011ж.
3. «Оқушылардың оқу техникасын дамыту» // Ш.Сәтиева- Ұлағат, 2004 ж

Орыс тілін оқытуда ойын технологиясын қолдану

ИЛАНОВА АЙНАГУЛЬ БОЛАТОВНА

*Жетісу облысы Көксу ауданы Мектеп жанындағы шағын орталығы бар «Қызыларық орта мектебі» КММ
Орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі*

Қазіргі заманда Қазақстанның өзіне ғана тән ұлттық сипаты бар білім беру жүйесін одан әрі дамыту, білім беру сапасында әлемнің басқада алдыңғы қатарлы беделді де, белді елдерімен қатар жұмыс жасау, қазақ тілін дамытуда өзіндік үлес қосу, бүкіл әлемдік деңгейге көтеру, білім беру ісінде әлеуметтік кеңістікке шығу алдағы тұрған міндеттер.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтары, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, ... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру-маңызды мәселелердің бірі.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. «Педагогика технологиялар – бұл білімнің; басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды».

«Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін емес. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе сияқты, сол арқылы баланың рухани байлығымен жасампаз өмірімен ұштасып, айналасындағы дүние туралы түсінік алады. Ойын жағымды эмоция сыйлаушы құрал. Ойын ойнату аяқ астынан болғандықтан, ойламаған жерден ойынға кірісу қызығушылықты тударды. Ойын ойнау барысында оқушы ешбір бүкпесіз, бар жан-тәнімен ойынға кірісіп кетеді де, белсенділік пайда болады, білімгер лидерлік танытады. Тілді үйренгісі келмейтін адамның өзі ойын ойнаған кезде оны ұмытып кетеді.

Ойын қатысымдықты қалыптастыратын әдіс болғандықтан, оны оқытудың ешбір әдіс-тәсілімен салыстыруға келмейді. Ойынды қолдану оқу үрдісінің басқа аспектілеріне де жақсы әсер етеді.

Педагогикалық ойынның маңызы зор. Ойын біріншіден, білу және үйрену, екіншіден, адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірибесін жинақтауға көмектеседі.

Ойынның кәсіптік, әуестену, оқу-жаттығу ойындары сияқты түрлері бар. Ол дем алу, көңіл көтеру бола тұра оқуға, шығармашылықта, емдеуде, адам қарым-қатысының типтерінің модельдерінде, еңбекте көрініс табады. Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Қазіргі мектепке дейінгі мекемелерде және мектептерде де ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде қолданылады. Әр түрлі топтарда орыс тілі сабағын қызықты етіп өткізу үшін сабақтарда мынандай ойындар қолданады:

- Фонетикалық ойындар;
- Әріптерге байланысты ойындар;
- Оқу ережесіне байланысты ойындар;
- Сөйлеу қабілетін дамытуға байланысты ойындар;
- Грамматикалық ойындар;
- Лексикалық ойындар;

Тілдің дамуына ойын өте үлкен әсер етеді. Ойын ақыл-ой дамуына да әсер етеді, бала ойын үстінде заттар мен іс-әрекеттерді жалпылауды, сөздің жалпылама мағынасын қолдануды т.б. үйренеді.

Ойындар жаңа тақырыптарды өткенде, сөздерді, тұрақты сөз тіркестерін пысықтауға арналған жаттығулардың бір түрі ретінде пайдаланылады.

Қазақ топтарының балалары орыс тілі пәнін ойын сабағы ретінде тез қабылдайды, мұның өзі педагогқа бүлдіршіндерді пәнге қызықтырудың қосымша шараларын іздестіруді қажет етеді. Мұндай қызықтыру шараларының қатарына: еңбек процестерін суреттеу, табиғат, өз қалаң туралы әңгімелеу.

Қазақ тілінде оқытылатын балабақшада орыс тілін оқытудың негізгі мақсаты – тәрбиеленушілерді орыс тілінде сөйлеуге үйрету.

Орыс тілін үйретудің бастапқы кезеңінде әр сабақ өз мәнінде көрнекі құрал қолдану арқылы тартымды өткізілсе, білім мазмұнының сапасы да артпақ.

Мектепке баратын балалардың бұл кезеңде сабаққа қызығуын жоғалтып алсақ, кейін олардың тілді әрі қарай меңгеруі қиынға түседі. Сондықтан сабақ арасында ойын элементтерін қолдану сабаққа қызығуын, белсенділігін, ойлау қабілетін дамытуға, жаңа сабақты пысықтау кезеңін сапалы өткізуге материалды толық меңгеруге көмектеседі.

Ойындарды екі тарауға бөлуге болады. Бірінші тарау сөйлеу қабілетін дамытатын грамматикалық, фонетикалық, лексикалық және орфографиялық ойындар жатады. Бұл ойындар «Дайындық ойындары» деп аталады.

Бұл тарау алдын-ала грамматикалық ойындардан басталады.

Себебі грамматикалық материалдарды бірнеше рет қайталағанды қажет етеді және өзінің біркелкілігімен балаларды жалықтырып жібереді, ал жіберілген күш тез арада өз нәтижесін бермейді. Ойындар күнделікті жұмысты қызықты етіп өткізуге көмектеседі. Грамматикалық ойындардан кейін лексикалық ойындар жүреді. Фонетикалық ойындар сөйлеу қабілеті мен білігін дамыту кезеңінде дыбыстарды дұрыс айтып үйренуге арналған.

Ең соңында жүргізілетін орфографиялық ойындардың мақсаты – лексика бойынша оқылған сөздердің дұрыс жазылуын үйрету.

Екінші тарау «Шығармашылық ойындар» деп аталады. Бұл ойындардың мақсаты – сөйлеу қабілетінің ары қарай дамуына ықпал ету. Тез ойлауға, қарым-қатынаста ойланбай жауап қайтаруға, әр түрлі жағдайлардан тез шығуға көмектеседі.

Дидактикалық ойындар оқушылардың ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін артуымен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Балалар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағыныда қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Іскерлік ойындар – оқушылардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіретін, дамытатын тиімді тәсіл. Сабақ барысында іскерлік ойындарды қолдану арқылы балаларға сөйлеу үлгілері меңгертіледі. Мұндай ойындар оқушылардың жасқаншақтық, ұяндық қасиеттерін жойып, оның қиялына ерік береді.

Ойында келесі маңызды міндеттер: баланың қоғамдық қатынастарға бейімделуі, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен әр түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі, баланың шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттерінің көрініс табуы жүзеге асырылады. Оқушының әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әр түрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды.

Ойынның оқыту мүмкіндігі жөнінде ертеден белгілі. Көптеген алдыңғы қатарлы педагогтар оқыту процесінде ойынды қолдану тиімділігіне әділ назар аударған. Ойында адамның, әсіресе баланың толық және кейде күтпеген жерде қабілеті танылады.

Ойын – ақыл-ой мен сезім күшін талап ететін ерекше ұйымдастырылатын сабақтар. Ойын әрқашан шешім қабылдауды ұсынады- қалай істеу, не айту, қалай ұту қажет?

Осы мәселелерді шешу тілегі ойнаушылардың ойлау әрекетін арттырады. Ал егер қазақ тілінде сөйлейтін бала сонымен қатар орыс тілінде сөйлесе, ол оқытудың бай мүмкіндігін ашады. Оқушылар ол туралы ойланбайды. Ойын олар үшін ең бастысы-еліктіргіш сабақ. Сонысымен ол оқытушыларды, соның ішінде орыс тілдер оқытушаларынқызықтырады. Ойын кезінде барлығы тең.

Ол тіпті тілақауы бар балалардың да қолынан келеді. Теңдік сезімі, еліктеу мен қуаныш атмосферасы, тапсырманың қолынан келетіндігін сезіну- сөзінде басқа тіл сөздерін еркін қолдануға бөгет жасайтын балалардың ұялшақтық сезімін жеңуге мүмкіндік береді және оқыту нәтижесіне жағымды әсерін тигізеді.

Байқаусыз тіл материалы меңгеріледі- «мен басқаларымен бірдей сөйлесе алады екенмін»

Жасөспірімдердің білімі қалыпты болса да тәрбиесі жеткіліксіз болуының қоғамға тигізер кесірі мол. Қоғам өркендеп, заман көркейгенмен жаны азған, тілден, діннен безген, арбау мен алдау, кісі өлтіру мен ұрлық, әділетсіздік пен қайырымсыздық сияқты келеңсіз жағдайлардың кездесуі- ата-ана, мектеп, жұртшылық тарапынан тәрбиенің кеміс түсіп жатқанының айғағы.

Сондықтан қазіргі таңда балабақша мен мектептің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі- білім берумен қатар тәрбие жүйесін жетілдіру.

Жалпы білімді ізгілендіре отырып, тәрбие беру жолдары қандай?

Тәрбие беру жолдарын қалай жетілдіруге болады? Міне, педагог қауымды ойландырып отырған осындай қитұрқы сұрақтар болып отыр.

Ал бұл сұрақтардың жауабы тек мынада – білім беру үрдісінде балалардың өзіндік қабілет қарымдарын ескере отырып, бейіндік көзқараспен оқыту, оқыту үрдісінде ойынның ең нәтижелі, тиімді үлгілерін пайдалану. Бұл жағдайлардың барлығы білім беру үрдісінің тәрбиелілігіне барып саяды. Сондықтан қай нәрсе де тек тәрбиеден бастау алады деу керек. Себебі ұлтына пайдалы қызмет ететін ұрпақ тек тәрбиелі оқушылардан шығады.

Қорыта келгенде, мектеп оқушылардың білім, білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне ойындар көп көмек береді. ойын - дұрыс сауатты сөйлеу, тындап түсіну деңгейлерін жоғарылататын, қатысымдыққа жетелейтін құралдың бірі болып табылады. Орыс тілі сабағында ойын ойнату басты мақсат емес.

Орыс тілі пәнінің басты мақсаты - ойын арқылы білімгерлерді орыс тілінде сөйлету болып табылады. Ойынның құрылымын оқу әрекетіне салғанда оқу үрдісін мақсатты қатысым үрдісіне айналдырамыз хақ.

Мәселен, білімгерлерге бірдей екі нәрсені, не болмаса суретті көрсетіп, осы екі нәрсенің арасындағы айырмашылықтарды атап беріңіз деген кезде, олар оны оқу үрдісінің мақсаты деп қабылдамайды.

Тіл сөйлету мақсатына жету құралы болып табылады. Және сөз соңында айтарымыз кез келген тақырыпқа сабақта рөлдік ойындар ойнатқызуға болады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан мектебі. № 11, 2004
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» (Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы) Алматы. «Білім баспасы», 1998, 96 бет.
3. . М.М. Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2002
4. . Қ.Ақпаева. Оқу орыс тілінде жүретінде мектептерде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. Алматы, Рауан, 1997
5. Стронин М.Р. Обучающие игры на уроке английского языка. – М., 1981.
6. Стронин М.Ф. Обучающие игры на уроке английского языка – М.: Просвещение, 1984.
7. Равинская В. Игры как средство обучения / Иностранные языки в школе. – 1980. – № 1.
8. Юрова С.Н. Ребенок в детском саду. – Алматы, 2013.

**Жаңартылған білім беру мазмұны аясында
«Көркем еңбек» пәні арқылы
шығармашыл тұлғаны қалыптастыру**

БҰЙРАШЕВА АЛМАГҮЛ ОҢҒАРҚЫЗЫ

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Бидайкөл ауылы

«№148 орта мектебі» КММ

Көркем еңбек пәні мұғалімі

Қоғамдағы ақпараттық инновациялар, жаһандық үрдістер, еңбек нарығындағы жоғары сұраныстар, білім кеңістігіндегі бәсекелестік креативті ойлайтын, жаңаша шешім қабылдайтын, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Бүгінгі білім беру парадигмасы өзгерді, «өмір бойы білім алу» моделі тұлғаның іс-әрекеті мен өмірлік ұстанымын жаңаша қабылдауға мүмкіндік туғызды. Білім мазмұнының жаңаруы, жаңа реформаның жүзеге асуы тұлғаның дамуы мен қалыптасу факторына ерекше әсер етуде. Сондықтан да мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі-әр адамның табиғи бейімділіктері мен құндылық бағдарларын ескере отырып, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі өзіктендіруге мүмкіндігі бар шығармашыл тұлғаны қалыптастыру.

Шығармашыл тұлғаны қалыптастыру күрделі әрі көпфакторлы процесс. Философия ғалымдарының пікірінше, шығармашылық танымдық іс-әрекеттің ең жоғары формасы болып табылады, оның барысында объективті материалдық және рухани құндылықтар жасалады.

Шығармашылық ұғымы ғалымдардың зерттеулерінде әртүрлі аспектіде қарастырыла бастады. Оның әдіснамалық деңгейі педагогика ғылымында С.Лысенкованың, В.Шаталовтың, Ш.Амоношвилидің еңбектерінде терең зерттелді. Олардың тұжырымы бойынша, жеке тұлғаның толыққанды дамуына іс-әрекеттің екі түрі әсер етеді: оқу және шығармашылық. С.И.Ожеговтың сөздігінде: «Шығармашылық- мәдени және материалдық құндылықтарды, жаңа идеяларды құрастырудың жоғары формасы»- деп айтылған болатын.

Энциклопедиялық сөздікте шығармашылық ұғымына мынандай анықтама беріледі: «Шығармашылық — ойлау іс-әрекетінің ең жоғарғы формасы». Шығармашылықты дамыту оқушылар төмендегі іс-әрекеттерді меңгереді: көркем ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгеруі; көркем бейнелерді өзара салыстыра білуі; кескіндеменің бейнелі мазмұнына эмоционалды көңіл бөлуі мен көркем бейнелердің көңіл- күйін түсінуі; халықтық-қолданбалы өнері туралы мағлұматты білуі; сәндік іс-әрекеттің дағдыларының болуы

Жеке тұлға оқу үрдісінде қарым-қатынас жасау арқылы дамиды, білім, білік, дағдыны қабылдайды және шығармашылық әрекеттер орындау негізінде өзінің мүмкіндіктерін жетілдіреді. Шығармашылық құзыреттілік музыка, қолөнер, сурет салу т.б. іс-әрекеттің нәтижелі түрлері арқылы қалыптаса бастайды. Баланың интеллектісін жан-жақты дамытуда көркем еңбек пәнінің маңызы ерекше. Себебі, шығармашылық қабілеттің маңызды бөлігі еңбек арқылы дамыйды. Мектепте оқытылатын әр пәннің мазмұны оқушының жан-жақты дамуына, оқушының шығармашылық дағдысының қалыптасуына мүмкіндік береді. Сол пәндердің бірі «Көркем еңбек» пәні.

Бұл пән мектеп бағдарламасында кіріктірілген (интерактивті) пән болып табылады. Бейнелеу өнері мен технологияның мазмұндық кешенін құрайды. Бұл пәннің мақсаты оқушыларға көркем ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту, эстетикалық талғамын ояту, қолданбалы өнердің түрлерінен мағлұмат беру, сәндік-қолданбалы технологияның маңызды бөлігімен таныстыру т.б.

Бағдарлама мазмұны мектеп оқушыларының пәнаралық үйлесімділігін дамытуға негізделген. Атап айтқанда, бейнелеу өнері мен технологияның тақырыптарын оқыту нәтижесінде білім алушы әртүрлі біліктер мен дағдыларды игереді. Сонымен қатар бағдарлама мазмұнында заманауи технологияның түрлері мен ерекшеліктеріне талдау жасалынған. Қыз балаларды халық педагогикасының негіздері арқылы үй мәдениетінің элементтерімен таныстыруға да ерекше мән берілген. Бұл ұлттық тәрбиенің үйлесімділігі мен сабақтастығын дәріптеу, болашақ ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыру болып табылады. Осындай тенденция білім беру парадигмасының ұлттық сипатқа ие болуының бірден-бір кепілі болмақ.

Оқу пәнінің білім беру мазмұны төмендегі бес бөлімнен тұрады:

- 1) визуалды өнер;
- 2) сәндік-қолданбалы өнер;
- 3) дизайн және технология;
- 4) үй мәдениеті;
- 5) тағам дайындау мәдениеті.

Бағдарламадағы тақырыптар оқушының көркем өнер, заманауи дизайн және технология саласындағы білімдерін кеңейтеді. Әртүрлі ғылымдардың интеграциялық байланыстары арқылы оқушылар көптеген мәліметтермен танысады. Оқушылардың танымдық қызығушылықтары оянып, белсенділіктері пайда болады, жаңа затты әдемі жасауға деген ұмтылысы артады.

Визуалды өнер бөлімінде бейнелеу өнерінің құралдары, классикалық бейнелеу өнерінің үздік туындылары, қазақстандық суретшілердің шығармашылығы, бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары, натюрморт өнері, ұлттық сәндік натюрморт, пейзаж, табиғатпен үйлесімділік, индустриалды пейзаж, қала пейзажы, сызықтық перспектива, пластикалық пішіндер өнері,

мүсін өнері, шығармашылық жұмыс, көрме ұйымдастыру т.б. тапсырмалар беріледі. Шығармашылық тапсырмаларды орындау оқушылардың зерттеушілік және креативті ойлау мүмкіндігін дамытады. Визуалды өнер бөлімінде берілген бейнелеу өнерінің құралдары арқылы оқушылар әртүрлі тапсырмаларды орындайды. Бейнелеу өнерінің құралдарымен танысып, олардың ерекшеліктерін, түрлерін ажыратуға үйренеді. Нысананы елестету, санаға бейнелеу, зейінді бір арнаға шоғырландыру сияқты үрдістер психологиялық қабілеттерді қажет етеді. Классикалық бейнелеу өнерінің туындылары ұлттық болмысты, ондағы дүниетанымдық көзқарасты бейнелейді.

Креативті идеялар мен қиялдарды санада бейнелеуге мүмкіндік береді. Пейзаждағы түстік үндестік керемет кескіндікді колорит қалыптастырып, оқушының қиялы мен арманын шыңдайды. Тылсым табиғат әлемінің тұңғық сыры мен шынайы болмысын бейнелеу өнері арқылы жеткізу оқушының дүниетанымын, табиғатқа деген ерекше қасиетін қалыптастырады. Сәндік-қолданбалы өнер бөлімінде сәндік-қолданбалы өнердің мазмұны, негізгі формалары мен ерекшеліктері, Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнерінің тарихы, сәндік-қолданбалы өнердегі заманауи және дәстүрлі емес материалдар, сәндік бұйым, бұйым дайындау, өру өнері, өру түрлері т.б. мәселелер берілген. Қазақстан халқының өнерінен мағлұмат бере отырып, оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді. Дизайн және технология бөлімінде оқушылар конструкциялық материалдарды өңдеуді үйренеді.

Әртүрлі сымдарды қолдану негізінде пішіндер жасайды. Қарапайым нысандардың дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындайды. Инновациялық және креативті әдістер негізінде оқушылар жобалауды, жоспарлауды, графикалық сызуды үйренеді. Дизайн оқушының шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға негіз болады. Дизайн пәнінің құрылымы мен принциптерін үйрену арқылы оқушының шығармашылық ойы қалыптасады, белгілі бір пішінді немесе кеңістікті өзгертуге әрекет жасайды.

Оның әдемілікке, сұлулыққа деген ішкі түйсігі оянады. Сыртқы әлем мен ішкі дүниенің арасындағы гармония маңызды болып табылады. Заманауи тенденциялар, архитектуралық өзгерістер, интерьер құралдары, эстетикалық талғам т.б. бұл ғылымның өзектілігін нақтылай түседі. Жаңа мәдени сұраныстар мен қажеттіліктердің пайда болуы заманауи мәдениеттің дамуына ықпал етеді. Себебі, мәдениет қоғам дамуының алғышарты және шешуші факторы болып табылады. Тамақтану мәдениеті бөлімінде адам ағзасына пайдалы және зиян заттармен танысады. Дұрыс тамақтанудың ережелерін меңгереді.

Жоғарыда аталған көркем еңбек пәнінің мазмұны оқушылардың іскерлігі мен ептілігін дамытады. Сабақта мұғалім оқушылардың еңбекке деген икемділігі мен іскерлігін қалыптастырудың әдістері мен технологияларын үйретеді.

Еңбек студия алғашқы белгілері отбасында қалыптасады.

Баланың тұрмыстық іс-әрекеттерді орындау барысында оның белгілі бір сапалары көріне бастайды. Баланың бойындағы әртүрлі қабілеттерді ашу мұғалімдердің құзыреттілігінде. Бейнелеу өнері мен Технология пәндерінің интеграциялануы арқылы пайда болған көркем еңбек пәні оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Көркем еңбек пәнінің мазмұнына халықтың қолөнері, ою-өрнек түрлері, дизайн, витраж, мозайка құрастыру сияқты қызықты тақырыптар беріледі. Көркем еңбекте шығармашылық жұмыстарды орындау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдаланады.

Қолөнердің түрлерін жасау оқушының эстетикалық талғамын, іскерлігін, еңбекқорлығын жетілдіреді. Қолөнер бұйымдарын оқушыларға жасату әсемдікке, сұлулыққа тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Еңбек әрекеті арқылы қоғамға қажетті қолөнер бұйымдарының сан алуан түрлерін өз қолдарымен дайындап, оны өмір қажеттілігіне қолдануға мүмкіндік береді, ол біріншіден жеке тұлғаның шығармашылық идеясын дамытады, екіншіден жеке кәсіпкерлікті дамытуға ықпал жасайды. Көркем еңбек пәні қолдың моторикасын жақсартады. Сонымен қатар психологиялық процестері, атап айтсақ, түйсік, қиял, елестету т.б. дамыйды. Оқушы белгілі бір заттың бейнесін салу үшін, ойша өзі образ жасайды, соны қағаз бетіне түсіреді.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім мазмұнында бұл интеграциялық пән ретінде, оқушылардың шығармашылық, креативтілік, жаңаша ойлау, жоспарлау, жобалау т.б. мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер

- Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқау. Әдістемелік құрал. –Астана: 2015. -41 б.
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. — Астана, 2012 //http:akorda.kz
- С.И.Ожегов Толковый словарь русского языка -М:Образование, -1998.
- Көркем еңбек. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламасы. –Астана, Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім беру Академиясы, 2016. – 58 б.

МАЗМҰНЫ

- ҚҰЛЫМБЕТОВА АЙГЕРІМ АСҚАРҚЫЗЫ
- КОПЕКОВА ГУЛЬШАТ ДАЛАБАЕВНА
- ҚАЗТАЙ КЕРБЕЗ
- КЕЖИМБАЕВА ЖУЛДЫЗ БЕЛКОЖАЕВНА
- СМАГУЛОВА ЗАУРЕ АМАНГЕЛЬДИНОВНА
- ИЛАНОВА АЙНАГУЛЬ БОЛАТОВНА
- БҰЙРАШЕВА АЛМАГҮЛ ОҢҒАРҚЫЗЫ